

**«Жасөспірімдермен жұмыс істеудегі психологиялық құзыреттілікті
дамыту»
біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

2026 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Бағдарламаның өзектілігі

«Жасөспірімдермен жұмыс істеудегі психологиялық құзыреттілікті дамыту» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және педагогтердің, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) жасөспірімдермен жұмыс істеу кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында жасөспірімдер арасында девиантты мінез-құлықтың, эмоционалды тұрақсыздықтың, суицидтік мінез-құлықтың, агрессияның және әлеуметтік бейімделу қиындықтарының артуы байқалуда. Бұл үдерістер білім беру, денсаулық сақтау және құқық қорғау жүйелері мамандарының кәсіби құзыреттілігіне жоғары талап қояды. Осыған байланысты педагогтер, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) жасөспірімдермен жұмыс істеуде психологиялық білім мен практикалық дағдыларын жетілдіру ерекше маңызға ие.

Бағдарлама жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мінез-құлқындағы ауытқуларды ерте анықтау, алдын алу және түзету бойынша заманауи тәсілдерді меңгеруге бағытталған. Сонымен қатар, ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру арқылы кешенді психологиялық көмекті қамтамасыз ету қажеттілігі бағдарламаның өзектілігін айқындайды.

Бағдарлама білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтердің жасөспірімдермен тиімді психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету, олардың тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында құрастырылған.

2. Бағдарлама мазмұны педагогтердің кәсіби қызметінде кездесетін өзекті мәселелерді қамтиды, атап айтқанда: жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктері, девиантты және делинквентті мінез-құлық, дағдарыстық жағдайлар, суицидтің алдын алу, кәсіби этика, ведомствоаралық өзара әрекет және цифрлық құзыреттілік мәселелері.

Оқыту процесі теориялық және практикалық сабақтарды, тренингтерді, кейс-талдауларды және тәжірибелік тапсырмаларды қамтиды. Бағдарлама педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, олардың практикалық дағдыларын дамытуға және білім беру процесінде психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастыруға бағытталған.

3. Бағдарламаның мақсаты - педагогтер, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) жасөспірімдермен жұмыс істеуде

психологиялық құзыреттілігін арттыру, девиантты мінез-құлықтың алдын алу, диагностика жасау және психологиялық сүйемелдеу дағдыларын дамыту.

Бағдарлама педагогтерге жасөспірімдердің психологиялық даму заңдылықтарын терең меңгеруге, олардың мінез-құлқындағы өзгерістерді уақтылы анықтауға, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және дағдарыстық жағдайларда тиімді психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бағдарлама педагогтердің кәсіби қызметінде заманауи әдістер мен технологияларды қолдану, ата-аналармен және басқа мамандармен тиімді өзара әрекеттесу, сондай-ақ кәсіби этика нормаларын сақтау дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

4. Біліктілікті арттыру бағдарламаларының негізгі бағыттары:

- Психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті дамыту – білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту мен тәрбиелеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

- Инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеру – заманауи оқыту әдістерін, педагогикалық тәсілдерді және білім беру технологияларын практикада қолдануды дамыту.

- Цифрлық (IT) құзыреттілікті дамыту – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану және қашықтан оқыту дағдыларын жетілдіру.

- Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру – білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын жетілдіру.

- Бағалау жүйесін жетілдіру – білім алушылардың оқу жетістіктерін әділ және тиімді бағалау, қалыптастырушы және жиынтық бағалау әдістерін қолдану дағдыларын дамыту.

- Кәсіби коммуникация және өзара әрекет – педагогтердің ата-аналармен, әріптестермен, психологтармен және басқа мамандармен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру.

- Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы – білім алушылардың мінез-құлқындағы ауытқулардың себептерін анықтау, олардың алдын алу және түзету бойынша психологиялық-педагогикалық тәсілдерді меңгеру.

- Дағдарыстық жағдайлар және суицидтің алдын алу – білім алушылардың психоэмоционалдық жағдайын бақылау, дағдарыстық жағдайларды ерте анықтау және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша кәсіби дағдыларды дамыту.

5. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту Қағидаларына сәйкес әзірленді.

6. Бағдарламаны педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып әзірленді.

5. Біліктілікті арттыру нысандары:

Ұзақ мерзімді курстар (108 академиялық сағат): Педагогтің кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар тереңдетілген теориялық білім алып, практикалық тәжірибені жүйелі түрде жетілдіреді, зерттеу жүргізу, талдау жасау, авторлық әдістемелер әзірлеу дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, кәсіби қызметті жаңаша ұйымдастыруға және инновациялық тәсілдерді енгізуге жағдай жасайды.

Семинарлар мен конференциялар:

Педагогтерге озық тәжірибемен алмасуға, жаңа ғылыми және әдістемелік жаңалықтармен танысуға, кәсіби ортада пікір алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіби байланыстарды кеңейтіп, педагогтің шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

2. Глоссарий

Осы Бағдарламада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) біліктілік – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;
- 2) курстан кейінгі мониторинг – педагогикалық практиканың нақты жай-күйін курс бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін, оның ішінде қашықтық режимінде бақылау және бағалау жүйесі;
- 3) қорытынды бағалау – қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;
- 4) педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;
- 5) педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы – үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;
- 6) педагог қызметін курстан кейін қолдау – педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

7) сертификат – кәсіптік оқытудың нақты тақырыбы, нысаны, мазмұны мен ұзақтығы бойынша қысқа және ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстарының қорытындылары бойынша берілетін құжат;

8) сертификатталған тренер – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын адам;

10) сырттай қорытынды бағалау – ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейін және құзыреттілігін растау рәсімі;

11) тыңдаушы – біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам;

12) білім беру мониторингі – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

13) білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

14) білім беру сапасы – білім беру жүйесін сипаттайтын және нақты қол жеткізуге болатын білім беру нәтижелерінің, білім беру жүйесінің жұмыс істеу шарттарының нормативтік талаптарға, әлеуметтік және тұлғалық межелерге сәйкестік дәрежесін көрсететін көрсеткіштер жиынтығы;

15) психологиялық құзыреттілік – педагогтің психологиялық білім, дағды және тәжірибені тиімді қолдану қабілеті;

16) сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

17) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

18) элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі;

19) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік (мектеп және оқушы) компоненттеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін қажетті және негізгі орта білім беру деңгейлері мен оқу жылдары бойынша белгіленген оқу уақытының көлемі;

20) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

21) девиантты мінез-құлық – әлеуметтік нормалардан ауытқитын мінез-құлық;

- 22) делинквентті мінез-құлық – құқық бұзушылыққа әкелетін мінез-құлық;
- 23) агрессия – қоршаған ортаға зиян келтіруге бағытталған мінез-құлық;
- 24) стресс – психологиялық қысымнан туындайтын шиеленіс жағдайы;
- 25) депрессия – ұзаққа созылған көңіл-күйдің төмендеуі;
- 26) эмоция – адамның ішкі сезімдік күйі;
- 27) эмоциялық тұрақсыздық – көңіл-күйдің жиі өзгеруі;
- 28) психологиялық қолдау – қиын жағдайдағы адамға көмек көрсету;
- 29) психологиялық қызмет – білім беру ұйымындағы психологиялық қолдау жүйесі;
- 30) ведомствоаралық өзара әрекет – түрлі ұйымдардың бірлескен жұмысы;
- 31) медиаторлық қолдау – жанжалдарды реттеу көмегі;
- 32) қақтығыс – адамдар арасындағы келіспеушілік;
- 33) тұлғалық даму – адамның жеке қасиеттерінің жетілуі;
- 34) қарым-қатынас дағдылары – адамдармен тиімді байланыс орнату қабілеті;
- 35) әлеуметтену – қоғамға бейімделу процесі;
- 36) өзін-өзі реттеу – мінез-құлықты басқару қабілеті;
- 37) импульсивтілік – ойланбай әрекет ету;
- 38) психологиялық тренинг – дағдыларды дамытуға арналған топтық жұмыс;
- 39) психологиялық диагностика құралдары – тесттер мен әдістемелер;
- 40) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;
- 41) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;
- 42) бағалау – әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;
- 43) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;
- 44) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;
- 45) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;
- 46) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымында құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;
- 47) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі;

48) әдістеме – белгілі бір мақсатқа жету жолы; кез-келген жұмыстың мақсатқа сай әрекет ету тәсілдерінің жиынтығы; оқытудың, оқу іс-әрекетін жүзеге асырудың заңдылықтарын, ережелерін, әдістері мен тәсілдерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

49) педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба, сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы;

50) білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

3. «Жасөспірімдермен жұмыс істеудегі психологиялық құзыреттілікті дамыту» бағдарламасының тақырыптары

№	Модуль	Мазмұны
1	1 Модуль Тәрбие-білім беру процесін нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	<p>Бірінші модульде тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті құқықтық негіздер мен ғылыми-әдістемелік ресурстарды қамтиды. Ол білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін заңдарды, нормативтік актілерді, сондай-ақ әдістемелік әзірлемелерді зерттеуді қамтиды. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: білім беру саласын реттейтін заңдарды, қаулыларды, бұйрықтарды, нұсқаулықтарды және басқа құжаттарды, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін зерделеу. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: білім берудің заманауи ғылыми тәсілдерін, әдістемелерін, технологияларын, білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін дидактикалық материалдарды зерттеу.</p> <p>Тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті нормативтік-құқықтық негіздер мен ғылыми-әдістемелік ресурстарды қамтиды. Ол білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін заңнамалық актілерді, нормативтік құжаттарды, сондай-ақ әдістемелік материалдарды зерттеуге бағытталған.</p> <p>1.1 Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын, Үкімет қаулыларын, министрлік бұйрықтарын, нұсқаулықтарды және өзге де нормативтік құжаттарды, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін зерделеуді қамтиды.</p> <p>Бұл бағытта тыңдаушылар келесі негізгі нормативтік құқықтық актілермен танысады:</p> <p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы Заң 2004 жылғы 9 шілдеде қабылданған, Бала құқықтары туралы Конвенция → 1989 жылғы 20 қарашада, қабылданған (Қазақстан 1994 жылы ратификациялаған), ҚР «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен); ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен); ҚР «Бала құқықтары</p>

		<p>туралы» Заңы; ҚР Еңбек кодексі; сондай-ақ білім беру жүйесін реттейтін басқа да нормативтік актілер. Сонымен қатар білім беру процесін ұйымдастыруда: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС); типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары; санитарлық-эпидемиологиялық талаптар (СанПиН); педагогикалық әдеп қағидалары басшылыққа алынады.</p> <p>1.2 Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету заманауи педагогикалық ғылымның жетістіктерін, оқыту әдістерін, технологияларын және дидактикалық материалдарды зерделеуді қамтиды. Ол білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруға және сапасын арттыруға бағытталған. Бұл бағытта келесі ғылыми-әдістемелік ресурстар қарастырылады: оқу-әдістемелік кешендер; әдістемелік нұсқаулықтар; электрондық білім беру ресурстары; инновациялық педагогикалық технологиялар; цифрлық оқыту платформалары; авторлық бағдарламалар және озық педагогикалық тәжірибелер.</p> <p>Модуль шеңберінде тәрбие-білім беру процесін жоспарлау және жүзеге асыруда ғылыми негізделген тәсілдерді қолдану, оқыту сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыс түрлері зерделенеді.</p> <p>Бұл модуль білім беру процесін түсіну мен жүзеге асырудың негізі болып табылады және оның құқықтық, ғылыми-әдістемелік базасын қалыптастырады.</p>
2	<p>2 модуль Жасөспірімдердің психологиялық даму негіздері</p>	<p>2.1 Модульдің негізгі аспектілері.</p> <p>Жасөспірімдік кезеңнің жалпы сипаттамасы. Жасөспірімдік шақтың жас ерекшеліктері, психологиялық дамудың кезеңдері, өтпелі кезеңнің негізгі заңдылықтары мен дағдарыстары. Тұлғалық даму және өзіндік сана «Мен»-тұжырымдамасының қалыптасуы, өзін-өзі бағалау, жеке құндылықтар жүйесі, өмірлік мақсаттар мен қызығушылықтардың дамуы. Эмоционалдық және ерік-жігер саласының дамуы. Эмоцияларды басқару, күйзеліс пен мазасыздықтың себептері, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру, ерік сапаларының дамуы. Когнитивтік (танымдық) даму ерекшеліктері. Ойлау, есте сақтау, зейін, қиял сияқты танымдық процестердің дамуы, сыни және шығармашылық ойлаудың қалыптасуы. Қарым-қатынас және әлеуметтік даму. Құрдастарымен, ата-анамен, мұғалімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері, әлеуметтік рөлдерді меңгеру, топтағы мінез-құлық. Мінез-құлық және мотивация. Оқу мотивациясы, қызығушылықтар, мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар, девиантты мінез-құлықтың алдын алу. Психологиялық денсаулық және қауіп факторлары. Отбасы және мектептің рөлі</p> <p>Тәрбие стилдері, ата-ананың ықпалы, мектеп ортасының психологиялық қолдауы.</p> <p>2.2 Жеке тұлға дамуының әлеуметтік-психологиялық факторлары: Тұлғаның алғашқы әлеуметтік тәжірибес қалыптасатын негізгі орта. Ата-ананың тәрбие стилі, эмоционалдық қолдау, отбасы құндылықтары мен қарым</p>

		<p>қатынас ерекшеліктері үлкен әсер етеді. Жасөспірім үшін маңызды әлеуметтік орта. Білім беру ортасы (мектеп мұғалімдер). Мұғалімнің тұлғасы, оқыту стилі, мектептің психологиялық климаты оқушының танымдық дамуына мотивациясына және өзіндік сеніміне әсер етеді. Әлеуметтік мәдени орта. Бұқаралық ақпарат құралдары және цифрлық орта. Әлеуметтік желілер, интернет, медиа контент жасөспірімнің көзқарасына, мінез-құлқына, өзіндік қабылдауына әсер етеді. Отбасының материалдық деңгейі, өмір сүру сапасы, білім алу мүмкіндіктері тұлғаның даму деңгейіне ықпал етеді. Әлеуметтік күтілімдер, гендерлік рөлдер, қоғамдағы мінез-құлық ережелер тұлғаның өзін ұстауына бағыт береді. Адамдармен өзара әрекеттесу барысында тұлға әлеуметтік дағдыларды, эмпатияны өзін ұстау мәдениетін меңгереді.</p> <p>2.3 Психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері: Сендіру әдісі. Оқушының санасына, көзқарасына әсер ету арқылы дұрыс түсінік қалыптастыру. Әңгіме, түсіндіру, дәлелдеу, пікірталас арқылы жүзеге асады. Жаттығу (дағдыландыру) әдісі. Қажетті мінез-құлық пен дағдыларды қайталау арқылы қалыптастыру. Тәртіп, жауапкершілік, оқу әрекеттерін тұрақты түрде орындау арқылы дамиды. Оқушының іс-әрекетіне баға беру. Мадақтау – жағымды мінез-құлықты нығайтады, ал жазалау-жағымсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталады. Үлгі-өнеге көрсету әдісі. Мұғалімнің, ата-ананың немесе құрдастардың жағымды мінез-құлқы арқылы үлгі беру. Оқушыға нақты, түсінікті талаптар қою арқылы тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыру. Оқуға, өзін-өзі дамытуға қызығушылықты арттыру. Мақсат қою, жетістікке жету жағдайын жасау арқылы іске асады. Мінез-құлықтағы немесе дамуындағы ауытқуларды түзетуге бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық жұмыстар. Эмоционалдық, психологиялық көмек беру арқылы оқушының сенімділігін арттыру, қиындықтарды жеңуге көмектесу.</p>
3	<p>3 модуль Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы</p>	<p>3.1 Кәсіби құзыреттілікті дамытудың педагогикалық шарттары: «Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы» модулі контекстіндегі «Кәсіби құзырет-тілік» ұғымы – бұл педагог-психологтың немесе мұғалім-нің жасөспірімдердің девиантты және делинквентті мінез-құлқын түсіну, алдын алу, диагностикалау және түзету бойынша теориялық білімдері, практикалық дағдылары мен кәсіби тәжірибесінің жиынтығы.</p> <p>Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсер ететін факторлар: Теориялық дайындық деңгейі, практикалық дағдылар, психологиялық-педагогикалық тәжірибе.</p> <p>3.2 «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы – педагог-психологтың (немесе мұғалімнің) оқушылар арасындағы лудоманияны (құмар ойынға тәуелділікті) тану, алдын алу, диагностика-лау және түзету бойынша теориялық білімдері, практика-лық дағдылары мен кәсіби іс-әрекетке дайындығының жиынтығы. Лудомания мәселесі бойынша кәсіби құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері: Теориялық құзыреттілік, алдын алу</p>

	<p>(профилактикалық) құзыреттілік, түзету-дамыту құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік, эмоционалдық және этикалық құзыреттілік, үздіксіз кәсіби даму құзыреттілік.</p> <p>3.3 «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы – педагог-психологтың (немесе мұғалімнің) білім алушылардың «Өзіндік Менін» (өзіндік сана, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу) дамыту арқылы жағымды әдеттерді қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдері, практикалық дағдылары мен кәсіби әрекетке дайындығының жиынтығы. Бұл бағыттағы кәсіби құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері: Теориялық құзыреттілік, «Өзіндік Мен» ұғымы, оның құрылымы (өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу), тұлғалық даму заңдылықтары туралы білім. Диагностикалық құзыреттілік. Оқушының өзіндік бағалау деңгейін, мінез-құлық ерекшеліктерін, әдеттерін анықтау әдістерін меңгеру. Дамытушы құзыреттілік. Жақсы әдеттерді қалыптастыруға бағытталған тренингтер, жаттығулар, психологиялық әдістерді қолдану. Мотивациялық құзыреттілік. Оқушылардың өзін-өзі дамытуға деген ішкі ынтасын арттыру, мақсат қою дағдыларын қалыптастыру. Өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру құзыреттілігі</p> <p>Уақытты басқару, эмоцияны бақылау, жауапкершілік пен тәртіпті дамыту әдістерін үйрету. Коммуникативтік құзыреттілік. Қолдау көрсететін, сенімді қарым-қатынас орнату, кері байланыс беру мәдениетін қалыптастыру. Рефлексиялық құзыреттілік. Оқушының өз әрекетін талдай алуын, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі жетілдіру қабілетін дамыту. Үздіксіз кәсіби даму.</p> <p>3.4 Кәсіби құзыреттілік контекстінде – педагогтер, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәсіпкерлікке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) тәуекел топтағы жасөспірімдердің мінез-құлқын талдау, мәселелерін анықтау және тиімді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған практикалық дағдыларды меңгеруі. Практикалық кейстердің негізгі бағыттары: Диагностикалық кейстер. Жасөспірімнің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтау (агрессия, тұйықтық, тәуелділік, үлгерімнің төмендеуі). Коммуникативтік кейстер. Қиын оқушымен сенімді қарым-қатынас орнату жағдайлары. Конфликттік жағдайларды шешу кейстері.</p> <p>Оқушы–оқушы, оқушы–мұғалім, оқушы–ата-ана арасындағы қақтығыстар. Девиантты мінез-құлықтың алдын алу кейстері. Түзету-дамыту жұмыстарының кейстері. Отбасымен жұмыс кейстері. Кризистік жағдайлар кейстері.</p> <p>3.5 Күйзеліс пен эмоцияны басқару. Көшбасшылық және командамен жұмыс. Қазіргі таңда әрбір әрекеттер жоғары жауапкершілікпен, уақыт тапшылығымен және эмоционалдық қысыммен байланысты. Осындай жағдайда күйзеліс – табиғи құбылыс. Алайда оны дұрыс басқарылмаса, ол кәсіби тиімділікке де, жеке өмір сапасына да кері әсер етеді. Күйзеліс – ағзаның сыртқы немесе ішкі талаптарға берген жауабы. Қысқа</p>
--	---

		<p>мерзімді күйзеліс кейде пайдалы болуы мүмкін, себебі ол адамды шапшаң әрекет етуге итермелейді. Бірақ ұзаққа созылған күйзеліс эмоционалдық шаршауға, ашушандыққа және кәсіби күйіп кетуге әкеледі. Эмоцияны басқару – оны басу емес, оны түсіну және дұрыс бағыттау. Мысалы, ашу – шекараның бұзылғанын көрсетеді, ал қорқыныш – қауіп барын білдіреді. Осы сигналдарды дұрыс қабылдай білу маңызды.</p>
<p>4</p>	<p>4 модуль Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және кәсіби этика</p>	<p>4.1 Білім беру–медицина–құқық қорғау жүйелерінің өзара әрекеті. Жасөспірімдермен жұмыс істеу барысында білім беру, медицина және құқық қорғау жүйелерінің өзара тығыз байланысы маңызды рөл атқарады. Бұл жүйелердің бірлескен әрекеті жасөспірімдердің психологиялық, әлеуметтік және құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Білім беру ұйымдары (мектеп, колледж) оқушылардың оқу үлгерімі мен мінез-құлқын бақылап, ерте кезеңде қиындықтарды анықтайды. Психологтар мен педагогтар жасөспірімнің даму ерекшеліктерін ескере отырып, алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізеді.</p> <p>Медициналық қызмет көрсету жүйесі жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығын бақылап, қажет болған жағдайда психологиялық немесе медициналық көмек көрсетеді. Ерте диагностика арқылы дамуындағы ауытқулар мен стресс жағдайлары анықталады. Құқық қорғау органдары жасөспірімдердің құқықтарын қорғау, девиантты мінез-құлықтың алдын алу және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды азайту бағытында жұмыс атқарады. Сонымен қатар, олар профилактикалық іс-шараларға қатысады. Осы үш жүйенің үйлесімді әрекеті жасөспірімдердің жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың қауіпсіз және қолайлы ортада қалыптасуына ықпал етеді.</p> <p>4.2 Кейс-менеджмент технологиясы – әлеуметтік, білім беру және медициналық салаларда күрделі өмірлік жағдайға тап болған тұлғалармен (соның ішінде жасөспірімдермен) кешенді жұмыс жүргізу әдісі. Бұл технологияның негізгі мақсаты – жеке тұлғаның қажеттіліктерін анықтап, оған қолдау көрсететін барлық қызмет түрлерін біріктіру және үйлестіру. Кейс-менеджмент үдерісі бірнеше негізгі кезеңнен тұрады: Жағдайды анықтау және бағалау. Жеке жоспар құру. Жасөспірімге көмектесу үшін білім беру, медицина, психология және әлеуметтік қызметтерді қамтитын жеке қолдау жоспары жасалады. Қызметтерді үйлестіру. Іске асыру және бақылау. Нәтижені бағалау және түзету. Қолдау жұмысының нәтижесі талданып, қажет болған жағдайда жоспарға өзгерістер енгізіледі.</p> <p>Кейс-менеджмент технологиясы жасөспірімдермен жұмыста өте тиімді, себебі ол әрбір тұлғаға жеке көзқарас қалыптастырып, олардың әлеуметтік бейімделуіне және қиын жағдайдан шығуына мүмкіндік береді.</p> <p>4.3 Кәсіби этика – маманның (педагог, психолог, әлеуметтік қызметкер және т.б.) өз қызметін жүзеге асыру барысында ұстанатын моральдық және мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Жасөспірімдермен жұмыс істеуде кәсіби этика</p>

	<p>олардың құқықтарын, қадір-қасиетін және психологиялық қауіпсіздігін қорғауға бағытталады. Кәсіби этиканың негізгі қағидаларына адалдық, жауапкершілік, әділдік, бейтараптық және құрмет көрсету жатады. Маман жасөспірімге қатысты шешім қабылдауда жеке пікірге емес, нақты фактілер мен кәсіби стандарттарға сүйенуі тиіс.</p> <p>Құпиялылық – кәсіби этиканың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл маманға жасөспірім туралы алынған жеке ақпаратты үшінші тұлғаларға рұқсатсыз жарияламау міндетін жүктейді. Құпия ақпаратқа отбасылық жағдай, психологиялық ерекшеліктер, денсаулық жағдайы және жеке өмірге қатысты мәліметтер кіреді. Дегенмен, құпиялылық шексіз емес. Егер жасөспірімнің өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төнсе (зорлық-зомбылық, өзіне-өзі зиян келтіру, құқық бұзушылық), онда ақпарат тиісті мамандарға немесе құқық қорғау органдарына берілуі мүмкін. Кәсіби этика мен құпиялылықты сақтау маман мен жасөспірім арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастырып, тиімді психологиялық және педагогика-лық көмектің көрсетілуіне жағдай жасайды.</p> <p>4.4 Командалық жұмыс дағдылары – ортақ мақсатқа жету үшін бірнеше маманның (педагог, психолог, әлеуметтік қызметкер, дәрігер, құқық қорғау өкілдері және т.б.) өзара тиімді әрекеттесе білу қабілеті. Жасөспірімдермен жұмыс істеуде командалық тәсіл кешенді қолдау көрсетудің маңызды шарты болып табылады. Командалық жұмыстың негізгі элементтеріне коммуникация, өзара сенім, жауапкершілікті бөлісу және бірлескен шешім қабылдау жатады. Әрбір маман өз саласы бойынша ақпаратпен бөлісіп, жағдайды жан-жақты талдауға үлес қосады.</p> <p>Тиімді командалық жұмыс үшін ашық қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Команда мүшелері өз пікірін еркін білдіріп, басқалардың көзқарасын құрметтеуі тиіс. Сонымен қатар, ортақ мақсат пен міндеттердің нақты анықталуы жұмыстың нәтижелілігін арттырады. Жасөспірімдермен жұмыс барысында командалық тәсіл кейс-менеджментпен тығыз байланысты. Себебі бір ғана маман барлық мәселені шеше алмайды, сондықтан түрлі сала мамандарының бірлескен әрекеті қажет. Командалық жұмыс дағдыларының дамуы мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, жасөспірімдерге көрсетілетін көмектің сапасын жақсартады.</p>
--	---

		<p>4.5 Ведомствоаралық кейстер – жасөспірімдермен жұмыс барысында білім беру, медицина және құқық қорғау жүйелері мамандарының бірлесіп нақты жағдайларды талдау және шешу тәжірибесі. Мұндай кейстер теориялық білімді практикамен ұштастырып, күрделі әлеуметтік мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталады.</p> <p>Практикалық сабақтарда нақты өмірлік жағдайларға жақын кейстер қарастырылады. Мысалы, оқу үлгерімі төмендеп, мінез-құлқында өзгеріс байқалған жасөспірім жағдайы талданып, оның себептері анықталады және әрбір ведомствоның (мектеп, психолог, дәрігер, полиция) әрекет ету алгоритмі белгіленеді. Кейс-талдау барысында білім алушылар мәселені анықтау, ақпарат жинау, тәуекел деңгейін бағалау және шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Әр топ белгілі бір ведомство рөлін алып, өз құзыреті шеңберінде ұсыныстар әзірлейді. Сонымен қатар, кейстерді талқылау кезінде командалық жұмыс, кәсіби коммуникация және жауапкершілікті бөлу дағдылары қалыптасады. Бұл тәсіл мамандардың шынайы жағдайларда тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Ведомствоаралық кейстер жасөспірімдерге кешенді көмек көрсетудің практикалық моделін түсінуге және кәсіби құзыреттілікті арттыруға ықпал етеді.</p>
<p>5</p>	<p>5 модуль IT құзыреттілік және кәсіби өзара әрекет</p>	<p>5.1 Кәсіби өзара әрекет жүйесінде IT құзыреттіліктің рөлі. Білім алушыларға кәсіби өзара әрекет жүйесінде IT құзыреттіліктің маңызын түсіндіру және оны тәжірибеде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. IT құзыреттілік ұғымы мен оның кәсіби қызметтегі рөлін меңгерту, ведомствоаралық және командалық жұмыста ақпараттық технологияларды қолдану жолдарын көрсету, цифрлық құралдар арқылы кәсіби коммуникацияны ұйымдастыру дағдыларын дамыту, ақпарат алмасу, деректерді өңдеу және онлайн платформаларды қолдану білігін қалыптастыру.</p> <p>5.2 Білім алушыларға ведомствоаралық кейстерді талдау және шешу барысында цифрлық құралдарды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ведомствоаралық кейс ұғымы және оны шешу кезеңдерін меңгерту, цифрлық құралдар мен платформалардың (онлайн жүйелер, дерекқорлар, коммуникация құралдары) мүмкіндіктерін таныстыру, кейс-менеджмент үдерісінде ақпаратты жинау, өңдеу және бөлісудің цифрлық тәсілдерін қолдану, командалық жұмыс барысында <u>онлайн өзара әрекет пен шешім қабылдау дағдыларын дамыту.</u></p> <p>5.3 Білім алушыларға кәсіби коммуникацияны ақпараттық жүйелер арқылы тиімді ұйымдастыру және өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби коммуникация ұғымын және оның заманауи талаптарын меңгерту, ақпараттық жүйелердің (онлайн платформалар, электронды пошта, деректер базасы) кәсіби өзара әрекеттегі рөлін түсіндіру, мамандар арасындағы ақпарат алмасуды цифрлық құралдар арқылы ұйымдастыру жолдарын үйрету, командалық жұмыс барысында тиімді байланыс орнату және бірлескен шешім қабылдау дағдыларын дамыту.</p>

<p>6</p>	<p>6 модуль Дағдарыстық жағдайлар және суицидтің алдын алу</p>	<p>6.1 Дағдарыстық психология негіздері — адамның өмірінде кенеттен пайда болатын ауыр жағдайлар (жоғалту, апат, зорлық, ауру, стресс) кезінде психиканың реакциясын, бейімделуін және қалпына келуін зерттейтін психология саласы. Қысқаша айтқанда, бұл бағыт: адам дағдарысқа қалай жауап беретінін; эмоционалдық күйзелісті қалай бастан кешіретінін және сол жағдайдан қалай шығуға болатынын зерттейді. Негізгі мақсаты — адамның психологиялық тұрақтылығын сақтау және қиын кезеңнен өтуіне көмектесу.</p> <p>6.2 Суицидтік мінез-құлықтың ерте белгілері – адамның ішкі күйзелісі күшейіп, өзіне зиян келтіру қаупі артуы мүмкін екенін көрсететін сигналдар. Негізгі белгілері: Эмоциялық өзгерістер: Ұзаққа созылған депрессия, үмітсіздік сезімі, ашушандық, мазасыздық, қатты күйзеліс, «Ештеңенің мәні жоқ» деген ойлар. Мінез-құлық өзгерістері: адамдардан оқшаулану, жалғыз қалуға тырысу, бұрын қызық болған істерге қызығушылық жоғалту, ұйқы мен тәбет бұзылуы, қауіпті немесе импульсивті әрекеттер. Сөздік белгілер: Өлгім келеді», «бәрінен шаршадым» сияқты сөздер, болашақ туралы жоспардың болмауы, қоштасуға ұқсас әңгімелер айту. Дайындық белгілері: жеке заттарын тарату, өмірмен қоштасуға ұқсас әрекеттер, өлім тақырыбын жиі қозғау. Егер осындай белгілер байқалса, бұл өте маңызды сигнал. Мұндай жағдайда адамды жалғыз қалдырмай, жақындарына және маманға (психолог, психиатр) жүгіну қажет.</p> <p>6.3 Психологиялық интервенция әдістері – адамның психологиялық қиындықтарын азайтуға, күйзелісті жеңілдетуге және бейімделуін қалпына келтіруге бағытталған кәсіби тәсілдер. Негізгі әдістер: дағдарыстық интервенция (crisis intervention), кеңес беру (психологиялық консультация), когнитивті-мінез-құлықтық терапия (КМТ), эмоциялық қолдау көрсету, психоәлеуметтік қолдау, релаксация және стресс-менеджмент әдістері. Қысқаша айтқанда, психологиялық интервенция – адамның психикалық тепе-теңдігін қалпына келтіріп, қиын жағдайдан шығуына көмектесетін әдістер жиынтығы.</p> <p>6.4 Шұғыл психологиялық көмек алгоритмі – дағдарыс жағдайындағы адамға тез және қауіпсіз психологиялық қолдау көрсету тәртібі. Жағдайды бағалау, байланыс орнату, эмоциялық қолдау көрсету, шұғыл тұрақтандыру, мәселені нақтылау, шешім және жоспар құру, мамандарға бағыттау, бақылау және жалғастыру. Қысқаша: шұғыл психологиялық көмек-қауіпсіздік, байланыс, тұрақтандыру және маманға бағыттау қағидаларына негізделеді.</p>
<p>7</p>	<p>Вариативті модуль</p>	<p>Вариативті Модульдер білім беру процесін икемді, қызықты және тиімді етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар әр білім алушының әлеуетін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері бар психология саласындағы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама мазмұнын талдау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкестігін және олардың жеке қажеттіліктерін</p>

		қанағаттандыруды көздейді. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды.
--	--	---

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелері

4.1 Бағдарламаның мақсаты – «Жасөспірімдермен жұмыс істеудегі психологиялық құзыреттілікті дамыту» біліктілігін арттыру курсының мақсаты – білім беру ұйымдарында жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктерін терең түсінетін, олардың эмоционалдық, мінез-құлықтық және әлеуметтік жағдайын дұрыс бағалай алатын, сондай-ақ дағдарыстық жағдайларда тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алатын кәсіби құзыретті педагогтер, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) кадрларды қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама педагогтердің жасөспірімдермен жұмыс істеу барысында психологиялық білімін жүйелеуге, тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге және білім алушылардың тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған кешенді тәсілді меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, курс білім беру процесінде қауіпсіз және қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және суицидтік қауіп факторларын ерте анықтауға бағытталған кәсіби қабілеттерді дамытуды көздейді.

4.2 Міндеттері:

Бағдарламаның міндеттері педагогтердің, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) психологиялық құзыреттілігін арттыруға және жасөспірімдермен тиімді жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған төмендегі бағыттарды қамтиды:

Біріншіден, тыңдаушыларға жасөспірімдік кезеңнің психологиялық даму заңдылықтары, тұлғалық қалыптасу ерекшеліктері, эмоционалдық және когнитивтік өзгерістер туралы терең теориялық білім беру. Бұл білім педагогке жасөспірімнің мінез-құлқын дұрыс түсінуге және оның ішкі әлемін бағалауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, девиантты және делинквентті мінез-құлықтың пайда болу себептері мен факторларын анықтау, олардың алдын алу жолдарын меңгерту және білім беру ұйымдарында профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Үшіншіден, дағдарыстық жағдайларда (стресс, депрессия, отбасылық және әлеуметтік қиындықтар) жасөспірімдерге шұғыл психологиялық көмек көрсету алгоритмдерін үйрету, эмоционалдық тұрақтандыру және қолдау көрсету әдістерін тәжірибеде қолдануға дағдыландыру.

Төртіншіден, суицидтік мінез-құлықтың ерте белгілерін анықтау, тәуекел топтарын айқындау және алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға қажетті кәсіби біліктіліктерді дамыту.

Бесіншіден, педагогтердің, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) білім алушылармен, ата-аналармен және мектеп психологымен тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету, ведомствоаралық ынтымақтастық дағдыларын жетілдіру.

Алтыншыдан, педагогтің кәсіби этикасын сақтау, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және білім беру процесінде психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастыруға ықпал ету.

Жетіншіден, білім беру процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, цифрлық құралдар арқылы психологиялық қолдау көрсету және кәсіби коммуникацияны жетілдіру қабілеттерін дамыту.

4.3. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар

біледі:

- жасөспірімдік кезеңнің психологиялық даму ерекшеліктерін;
- девиантты және делинквентті мінез-құлықтың негізгі себептері мен көріністерін;
- дағдарыстық жағдайлар мен суицидтік мінез-құлықтың ерте белгілерін;
- білім беру процесіндегі психологиялық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздерін;
- педагогтің кәсіби этикасы мен білім алушылармен қарым-қатынас қағидаларын.

үйренеді:

- жасөспірімдермен тиімді психологиялық қарым-қатынас орнатуды;
- дағдарыстық жағдайларды ерте анықтау және алдын алу тәсілдерін қолдануды;
- психологиялық қолдау көрсету және шұғыл көмек алгоритмін пайдалануды;
- білім алушылардың мінез-құлқындағы ауытқуларды бақылау және талдауды;
- ата-аналармен және мамандармен (психолог, әлеуметтік педагог) өзара әрекеттесуді.

меңгереді:

- психологиялық диагностика және бақылау әдістерін;
- жеке және топтық психологиялық қолдау көрсету дағдыларын;
- суицидтің алдын алу және тәуекел топтарымен жұмыс жүргізу технологияларын;
- девиантты мінез-құлықты түзетуге арналған психокоррекциялық әдістерді;
- цифрлық және IT құралдарын кәсіби өзара әрекетте тиімді қолдану дағдыларын.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

5.1 Бағдарламаның құрылымы

Бағдарлама 7 модульден тұрады:

- 1) Тәрбие-білім беру процесін нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету модулі;
- 2) Жасөспірімдердің психологиялық даму негіздері модулі;
- 3) Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы модулі;
- 4) Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және кәсіби этика модулі;
- 5) IT құзыреттілік және кәсіби өзара әрекет модулі;
- 6) Дағдарыстық жағдайлар және суицидтің алдын алу модулі
- 7) Вариативті модуль.

Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды. Тыңдаушылардың қиындықтар туғызған мәселелерін талқылау және шешу. Тыңдаушылардың сапалы құрамына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау.

5.2 Бағдарлама мазмұны

1) Тәрбие-білім беру процесін нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету модулі

Бірінші модульде тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті құқықтық негіздер мен ғылыми-әдістемелік ресурстарды қамтиды. Ол білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін заңдарды, нормативтік актілерді, сондай-ақ әдістемелік әзірлемелерді зерттеуді қамтиды. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: білім беру саласын реттейтін заңдарды, қаулыларды, бұйрықтарды, нұсқаулықтарды және басқа құжаттарды, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін зерделеу. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: білім берудің заманауи ғылыми тәсілдерін, әдістемелерін, технологияларын, білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін дидактикалық материалдарды зерттеу.

Тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті нормативтік-құқықтық негіздер мен ғылыми-әдістемелік ресурстарды қамтиды. Ол білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін заңнамалық актілерді, нормативтік құжаттарды, сондай-ақ әдістемелік материалдарды зерттеуге бағытталған.

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын, Үкімет қаулыларын, министрлік бұйрықтарын, нұсқаулықтарды және өзге де нормативтік құжаттарды, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін зерделеуді қамтиды.

Бұл бағытта тыңдаушылар келесі негізгі нормативтік құқықтық актілермен танысады:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырумен), Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (өзгерістер мен

толықтырулармен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (өзгерістер мен толықтырулармен); ҚР «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен); ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен); ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы; ҚР Еңбек кодексі; сондай-ақ білім беру жүйесін реттейтін басқа да нормативтік актілер.

Сонымен қатар білім беру процесін ұйымдастыруда: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС); типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары; санитарлық-эпидемиологиялық талаптар (СанПиН); педагогикалық әдеп қағидалары басшылыққа алынады.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету заманауи педагогикалық ғылымның жетістіктерін, оқыту әдістерін, технологияларын және дидактикалық материалдарды зерделеуді қамтиды. Ол білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруға және сапасын арттыруға бағытталған. Бұл бағытта келесі ғылыми-әдістемелік ресурстар қарастырылады: оқу-әдістемелік кешендер; әдістемелік нұсқаулықтар; электрондық білім беру ресурстары; инновациялық педагогикалық технологиялар; цифрлық оқыту платформалары; авторлық бағдарламалар және озық педагогикалық тәжірибелер.

Модуль шеңберінде тәрбие-білім беру процесін жоспарлау және жүзеге асыруда ғылыми негізделген тәсілдерді қолдану, оқыту сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыс түрлері зерделенеді.

Бұл модуль білім беру процесін түсіну мен жүзеге асырудың негізі болып табылады және оның құқықтық, ғылыми-әдістемелік базасын қалыптастырады.

2) Жасөспірімдердің психологиялық даму негіздері модулі жасөспірімдік кезеңдегі психикалық дамудың ерекшеліктерін, тұлғалық қалыптасу заңдылықтарын және мінез-құлық өзгерістерін зерттеуге бағытталған. Бұл модуль жасөспірімдердің эмоциялық, когнитивтік және әлеуметтік даму процесін түсінуге, сондай-ақ олармен тиімді педагогикалық және психологиялық өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жасөспірімдік кезең – балалық шақтан ересектікке өтудің маңызды және күрделі кезеңі болып табылады. Бұл уақытта ағзада физиологиялық өзгерістермен қатар, психикалық даму қарқынды жүреді. Жасөспірімде өзіндік «Мен» тұжырымдамасы қалыптасып, өзін-өзі бағалау, өзін тану және қоғамдағы орнын анықтау үдерістері белсенді дамиды. Модульде жасөспірімдердің психологиялық дамуының негізгі ерекшеліктері қарастырылады: эмоционалдық тұрақсыздық, жоғары сезімталдық, тәуелсіздікке ұмтылу, құрдастар тобына ерекше мән беру және ересектермен қарым-қатынастағы қайшылықтар. Сонымен қатар, танымдық процестердің (ойлау, есте сақтау, зейін, қиял) даму ерекшеліктері зерттеледі. Жасөспірім кезеңінде абстрактілі ойлау қабілеті дамып, сыни ойлау қалыптаса бастайды.

Бұл модульде тұлғаның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар да қарастырылады: отбасы тәрбиесі, мектеп ортасы, құрдастар ықпалы, әлеуметтік медиа және қоғамның құндылықтары. Жасөспірімнің мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алу, девиантты мінез-құлықтың себептері мен оны түзету жолдары да маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас орнату әдістері зерделенеді. Оларға эмпатиялық тыңдау, сенімге негізделген қарым-қатынас, қолдау көрсету, мотивацияны арттыру және психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру жатады. Педагог пен психологтың жасөспірім тұлғасын құрметтеу, оның пікірін ескеру және жеке ерекшеліктерін қабылдау қағидалары ерекше рөл атқарады.

Модульдің маңызды бөлігі – жасөспірімдердің дағдарыстық жағдайларын (стресс, депрессия, агрессия, өз-өзіне сенімсіздік) анықтау және оларға психологиялық көмек көрсету жолдарын үйрену. Бұл кезеңде алдын алу жұмыстары мен ерте диагностика жүргізудің маңызы зор.

Қорытындылай келе, бұл модуль жасөспірімдердің психологиялық даму заңдылықтарын терең түсінуге, олардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге және білім беру процесінде тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған.

3) Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы модулі тұлғаның қоғамда қабылданған әлеуметтік нормалардан ауытқитын мінез-құлқының психологиялық себептерін, даму механизмдерін және оның алдын алу жолдарын зерттеуге бағытталған.

Бұл модульде девиантты мінез-құлық ұғымы қарастырылады. Девиантты мінез-құлық – қоғамда қабылданған моральдық, әлеуметтік және құқықтық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттер жиынтығы. Ал делинквентті мінез-құлық – заң бұзушылыққа әкелетін, құқықтық нормаларды бұзумен байланысты әрекеттер болып табылады.

Модуль барысында девиантты және делинквентті мінез-құлықтың пайда болу себептері зерттеледі. Оларға биологиялық факторлар (жүйке жүйесінің ерекшеліктері, тұқымқуалаушылық), психологиялық факторлар (эмоциялық тұрақсыздық, агрессия, өзін-өзі реттеудің төмендігі), әлеуметтік факторлар (отбасы тәрбиесінің бұзылуы, қолайсыз орта, құрдастар ықпалы, әлеуметтік бақылаудың әлсіздігі) жатады. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың негізгі түрлері, оның алдын алу және түзету жолдары қарастырылады. Девиантты мінез-құлықтың көріністеріне агрессия, қашу, сабақтан жиі қалу, нашақорлық, буллингке қатысу немесе оны жасау, тәртіп бұзу сияқты әрекеттер кіреді.

Модульде профилактикалық жұмыс жүйесі маңызды орын алады. Ол ерте диагностика жүргізу, тәуекел топтарын анықтау, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және отбасымен жұмыс жүргізу бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар, мектеп, психолог, әлеуметтік педагог және құқық қорғау органдары арасындағы өзара әрекеттестік қарастырылады.

Девиантты мінез-құлықты түзетуде психокоррекциялық әдістер қолданылады. Оларға жеке кеңес беру, топтық тренингтер, мінез-құлықты түзету бағдарламалары, мотивацияны арттыру және әлеуметтік дағдыларды дамыту жұмыстары жатады.

Қорытындылай келе, бұл модуль тұлғаның әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алуға және жасөспірімдердің қоғамда дұрыс мінез-құлық қалыптастыруына бағытталған.

4) Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және кәсіби этика модулі білім беру, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың негіздерін, сондай-ақ педагог пен маманның кәсіби этика қағидаларын зерделеуге бағытталған.

Бұл модульде ведомствоаралық өзара іс-қимыл ұғымы қарастырылады. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл – білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту және қорғау мәселелерін тиімді шешу мақсатында әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірлескен қызметі болып табылады. Мұндай ынтымақтастық білім беру процесінің сапасын арттыруға және әлеуметтік-психологиялық қолдауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Модуль шеңберінде білім беру ұйымдарының келесі құрылымдармен өзара әрекеттесуі қарастырылады: жергілікті білім беру басқармалары, денсаулық сақтау ұйымдары, ішкі істер органдары, әлеуметтік қызметтер, кәметке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар, психологиялық қолдау орталықтары және үкіметтік емес ұйымдар.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарына білім алушылардың құқықтарын қорғау, девиантты мінез-құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылық пен буллингке қарсы іс-шаралар ұйымдастыру, инклюзивті білім беруді қолдау, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету жатады. Сонымен қатар, модульде кәсіби этика мәселелері қарастырылады. Кәсіби этика – педагогтің және маманның қызмет барысында моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін сақтау жүйесі.

Педагогтің, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәметке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) кәсіби этикасының негізгі қағидаларына адалдық, әділдік, жауапкершілік, сыйластық, құпиялылықты сақтау, кәсіби шеберлік және бала құқықтарын құрметтеу жатады. Педагог білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста этикалық нормаларды сақтауға міндетті.

Модульде сондай-ақ этикалық қақтығыстарды шешу жолдары, кәсіби мінез-құлық мәдениеті және педагогикалық әдеп нормаларын сақтау тәсілдері қарастырылады. Бұл маманның беделін арттыруға және білім беру ортасында сенімді қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, бұл модуль тиімді ведомствоаралық ынтымақтастықты қалыптастыруға және педагогикалық қызметте жоғары кәсіби этика стандарттарын сақтауға бағытталған.

5) IT құзыреттілік және кәсіби өзара әрекет модулі білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді қолдану, цифрлық ресурстарды пайдалану және педагогтердің, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) кәсіби өзара әрекетін заманауи цифрлық ортада ұйымдастыруға бағытталған.

Бұл модульде IT құзыреттілік ұғымы қарастырылады. IT құзыреттілік – педагогтің оқу-тәрбие процесінде цифрлық технологияларды еркін, тиімді және қауіпсіз қолдану қабілеті. Ол ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және тарату, сондай-ақ білім беру платформаларын пайдалану дағдыларын қамтиды.

Модуль шеңберінде білім беру ұйымдарында қолданылатын негізгі цифрлық құралдар мен платформалар зерделенеді. Оларға электрондық журналдар мен күнделіктер, қашықтан оқыту платформалары, білім беру порталдары, интерактивті оқыту бағдарламалары және онлайн коммуникация құралдары жатады. Сонымен қатар, педагогтің цифрлық қауіпсіздігі және ақпараттық мәдениеті қарастырылады. Бұл дербес деректерді қорғау, интернеттегі этикалық мінез-құлық, авторлық құқықты сақтау және киберқауіпсіздік талаптарын орындауды қамтиды.

Модульдің маңызды бөлігі – кәсіби өзара әрекет. Кәсіби өзара әрекет педагогтердің, әлеуметтік психологтар, педагог-психологтар, медициналық психологтар және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлардың (ИДН) әкімшілік қызметкерлердің, ата-аналардың және білім беру саласындағы басқа да мамандардың тиімді байланысын ұйымдастыруға бағытталған.

Бұл бағытта онлайн және офлайн коммуникация құралдары, кәсіби қауымдастықтар, әдістемелік бірлестіктер, вебинарлар, қашықтан ынтымақтастық платформалары және бірлескен жобалар қарастырылады. Мұндай өзара әрекет педагогтердің тәжірибе алмасуына және кәсіби дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, бұл модуль цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеуге қажетті IT дағдыларды қалыптастырып, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

б) Дағдарыстық жағдайлар және суицидтің алдын алу модулі білім беру ортасында білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, дағдарыстық жағдайларды ерте анықтауға және суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған.

Бұл модульде дағдарыстық жағдай ұғымы қарастырылады. Дағдарыстық жағдай – адамның өмірінде күтпеген ауыр оқиғалар (жоғалту, зорлық-зомбылық, отбасылық қиындықтар, оқу үлгерімінің төмендеуі, әлеуметтік қысым) нәтижесінде пайда болатын психологиялық тұрақсыз күй.

Модульде суицидтік мінез-құлықтың негізгі факторлары мен себептері зерттеледі. Оларға психологиялық факторлар (депрессия, үмітсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендігі), әлеуметтік факторлар (жалғыздық, буллинг, отбасындағы қақтығыстар), сондай-ақ биологиялық және тұлғалық ерекшеліктер жатады.

Суицидтің алдын алу жұмыстарының негізгі бағыттары қарастырылады. Оларға ерте диагностика жүргізу, тәуекел топтарын анықтау, психологиялық бақылау, жеке және топтық кеңес беру, ата-аналармен жұмыс және қолдау ортасын қалыптастыру жатады.

Модуль шеңберінде дағдарыстық жағдайларда шұғыл психологиялық көмек көрсету алгоритмдері үйретіледі. Бұл адамның эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сенім орнату, белсенді тыңдау және мамандарға бағыттау сияқты қадамдарды қамтиды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуға арналған профилактикалық бағдарламалар, психологиялық тренингтер, өмірлік дағдыларды дамыту жұмыстары және психологиялық қызметтің рөлі қарастырылады.

Мұғалім мен психологтың негізгі міндеті – білім алушының психоэмоционалдық жағдайын бақылау, қолдау көрсету және қажет болған жағдайда тиісті мамандарға дер кезінде бағыттау.

Қорытындылай келе, бұл модуль білім алушылардың психикалық денсаулығын қорғауға, дағдарыстық жағдайлардың алдын алуға және суицидтік қауіптің төмендеуіне бағытталған кешенді жүйе болып табылады.

7) Вариативті модуль. Вариативті модульдер білім беру процесін икемді, қызықты және тиімді етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар әр білім алушының әлеуетін толық жүзеге асыруға ықпал етеді.

Вариативті модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері бар психология саласындағы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама мазмұнын талдау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкестігін және олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстарды өткізу бір мезгілде немесе кезең-кезеңімен *аудиториялық* және *қашықтықтан оқыту* нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы жүзеге асырылады. Оқыту дәріс, теория және практикалық сабақтар түрінде өткізіледі. Дәріс сабақтарында жасөспірімдердің жас ерекшелік психологиясы, мінез-құлық ерекшеліктері және қиын жағдайдағы психологиялық қолдау көрсету жолдары қарастырылады. Теория сабақтарында тақырып бойынша пікірталас, кейс-талдау және топтық жұмыс ұйымдастырылады. Практикалық сабақтарда рөлдік ойындар, тренинг элементтері, нақты жағдайларды талдау (кейс-стади) арқылы жасөспірімдермен қарым-қатынас жасау дағдылары дамытылады. Сонымен қатар, психологиялық диагностика әдістерін қолдану және оларды талдау жұмыстары жүргізіледі. Оқу процесінде интерактивті әдістер кеңінен қолданылады: миға шабуыл, топтық жобалар, рефлексиялық талдау. Бұл әдістер білім алушылардың сыни ойлауын және кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ұсынылып отырған біліктілік арттыру курстарының білім беру бағдарламасының оқу-тақырыптық жоспарында практикалық сабақ пен шебер-сабақтарға сағат саны артты:

1. Курстың **108 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспары**: дәрістер – 30 сағат (29,4%), практикалық сабақтар – 44 сағат (40,7%), шеберлік сабақтар – 24 сағат (22,2%), қорытынды тестілеу – 10 сағат (9,2%) және практика мен шеберлік сабақтарының жалпы көлемі – 68 сағат (72,2 %) құрайды.

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Білім беру процесін *аудиториялық (күндізгі)* және *қашықтан* ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) тұсаукесері, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралық тестілеу жүргізіледі. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, шебер-сабақ, конференция, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, кейстер әдісі, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ қашықтықтан оқыту режимінде курс үшін онлайн кеңес беру және тыңдаушыны өз бетінше оқыту.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында кіріс және шығыс тестілеу, жобалық жұмысты қорғау және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курстың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мыналар кіреді:

- әдістемелік ұсынымдар;
- бейнематериалдар (қажеттілігіне қарай);
- интернет-ресурстар;
- үлестірме материалдар.

Білім беру бағдарламаларын ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. Оқыту барысында тыңдаушылар білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес оқу-әдістемелік кешенмен, анықтамалық әдебиеттермен, дәріс сабақтарының тақырыптары бойынша сауалнамалармен қамтамасыз етіледі.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

108 сағат көлеміндегі оқу нәтижелерін бағалау:

- курстық тақырыптар бойынша тестілеу;
- біліктілікті арттыру курстарына қанағаттану туралы сауалнама жүргізу;
- білім алушылар мен тыңдаушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын бағалау үшін қолданылатын әдістерді, құралдар мен тәсілдерді қоса алғанда, бағалаудың әртүрлі аспектілерін тереңдетіп зерделеу.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері мен бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Өзіндік (практикалық) жұмысты жүргізу үшін *2-қосымшада* көрсетілген мынадай критерийлер бөлінеді.

Қорытынды аттестаттау тестілеу нысанында өтеді. Сұрақтардың жалпы саны – 30/50. Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың 60% және одан жоғары санын жинау қажет. Шекті деңгей - 12 балл. Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

1. Тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;
2. Педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;
3. Педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу. Курстардан өткен педагогтерге бірінші күнтізбелік жыл бойы семинарлар, вебинарлар, on-line кеңестер әдістемелік көмек ұйымдастыру;
4. Ғылыми-практикалық журналында және БАҚ-та ғылыми әзірлемелерді жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырумен);
- 2 Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- 3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (өзгерістер мен толықтырулармен);
- 4 ҚР Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (№ 561 бұйрық, өзгерістер мен толықтырулармен);
- 5 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы;
- 6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын

бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);

7 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен);

8 ҚР Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрі №96 бұйрығы. өзгерістермен және толықтырулармен);

9 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелді.

10 Методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания учебных достижений обучающихся. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 58 с.

<https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=45>

11 Білімді бағалаудың халықаралық жүйесі on 28 September 2011 / / Электронды ресурс. - <http://ru.wikipedia.org>

12 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы (Қағида жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен).

13 Реан А.А. *Психология подростка*. – Санкт-Петербург: Питер, 2020.

14 Фельдштейн Д.И. *Психология развития личности в подростковом возрасте*. – М.: МПСИ, 2019.

15 Божович Л.И. *Личность и её формирование в детском возрасте*. – М.: Просвещение, 2018.

16 Выготский Л.С. *Психология развития человека*. – М.: Эксмо, 2021.

17 Эриксон Э. *Идентичность: юность и кризис*. – М.: Прогресс, 2017.

18 Личко А.Е. *Психопатии и акцентуации характера у подростков*. – М.: Медицина, 2019.

19 Петровский А.В. *Общая психология*. – М.: Академия, 2020.

Қосымша әдебиеттер

20 Райс Ф. *Психология подросткового и юношеского возраста*. – СПб.: Питер, 2018.

21 Мясищев В.Н. *Психология отношений*. – М.: Институт психологии РАН, 2017.

22 Змановская Е.В. *Девантология (психология отклоняющегося поведения)*. – М.: Академия, 2020.

- 23 Клейберг Ю.А. *Психология девиантного поведения*. – М.: Юрайт, 2019.
 24 Овчарова Р.В. *Практическая психология образования*. – М.: Юрайт, 2021.
 25 Corey G. *Theory and Practice of Counseling and Psychotherapy*. – Cengage Learning, 2017.

Нормативтік және әдістемелік құжаттар

- 26 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру стандарттары (қолданыстағы редакция).
 27 ҚР «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен).
 28 ҚР кәмелетке толмағандар істері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер жинағы.
 29 ЮНИСЕФ. *Adolescent Mental Health Guidelines*. – UNICEF, 2021.
 30 WHO (ДДСҰ). *Adolescent mental health and psychosocial support materials*. – 2022.

Электрондық ресурстар

- 31 <https://www.who.int> (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы)
 32 <https://www.unicef.org>
 33 <https://www.apa.org> (American Psychological Association)
 34 <https://www.ncbi.nlm.nih.gov> (ғылыми психологиялық мақалалар базасы)

Курстың оқу-тақырыптық жоспары (108 академиялық сағат)

	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Практикалық сабақ	Шебер-сабақ	Қорытынды тестілеу	Барлығы
1	Тәрбие-білім беру процесін нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету модулі	6	2			8
1.1	Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: білім беру саласын реттейтін заңдарды, қаулыларды, бұйрықтарды, нұсқаулықтарды және басқа құжаттарды, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін зерделеу. Аталған курс Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және келесі құжаттарға негізделеді: <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Конституциясы; • «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; • «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; • Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары; 	2	2			4

	<ul style="list-style-type: none"> • Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыруға арналған нормативтік құжаттар; • Бала құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттар, оның ішінде БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы. <p>Осы нормативтік-құқықтық база курс тыңдаушыларының жасөспірімдермен жұмыс істеу барысында кәсіби қызметін заңнамалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыруына, олардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету дағдыларын тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.</p>					
1.2	<p>Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: Білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін заманауи психологиялық-ғылыми тәсілдерді, әдістемелерді, білім беру технологияларын, психодиагностикалық және түзету-дамыту материалдарын зерделеу.</p> <p>Орта білім беру ұйымдарында психологияны оқыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Психология пәнінің (немесе психологиялық қызметтің) үлгілік оқу жоспары мен бағдарламалары.</p>	4				4
2	Жасөспірімдердің психологиялық даму негіздері модулі	4	4			8
2.1	<p>Модульдің негізгі аспектілері.</p> <p>Жасөспірімдік кезеңнің жалпы сипаттамасы. Жасөспірімдік шақтың жас ерекшеліктері, психологиялық дамудың кезеңдері, өтпелі кезеңнің негізгі заңдылықтары мен дағдарыстары. Тұлғалық даму және өзіндік сана «Мен»-тұжырымдамасының қалыптасуы, өзін-өзі бағалау, жеке құндылықтар жүйесі, өмірлік мақсаттар мен қызығушылықтардың дамуы. Эмоционалдық және ерік-жігер саласының дамуы. Эмоцияларды басқару, күйзеліс пен мазасыздықтың себептері, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру, ерік сапаларының дамуы. Когнитивтік (танымдық) даму ерекшеліктері. Ойлау, есте сақтау, зейін, қиял сияқты танымдық процестердің дамуы, сыни және шығармашылық ойлаудың қалыптасуы. Қарым-қатынас және әлеуметтік даму. Құрдастарымен, ата-анамен, мұғалімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері, әлеуметтік рөлдерді меңгеру, топтағы мінез-құлық. Мінез-құлық және мотивация. Оқу мотивациясы, қызығушылықтар, мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар, девиантты мінез-құлықтың алдын алу. Психологиялық денсаулық және қауіп факторлары. Отбасы және мектептің рөлі Тәрбие стилдері, ата-ананың ықпалы, мектеп ортасының психологиялық қолдауы.</p>	2	2			4
2.2	<p>Жеке тұлға дамуының әлеуметтік-психологиялық факторлары: Тұлғаның алғашқы әлеуметтік тәжірибесі қалыптасатын негізгі орта. Ата-ананың тәрбие стилі, эмоционалдық қолдау, отбасы құндылықтары мен қарым-</p>	1	1			2

	<p>катынас ерекшеліктері үлкен әсер етеді. Жасөспірім үшін маңызды әлеуметтік орта. Білім беру ортасы (мектеп, мұғалімдер). Мұғалімнің тұлғасы, оқыту стилі, мектептің психологиялық климаты оқушының танымдық дамуына, мотивациясына және өзіндік сеніміне әсер етеді.</p> <p>Әлеуметтік-мәдени орта. Бұқаралық ақпарат құралдары және цифрлық орта. Әлеуметтік желілер, интернет, медиа контент жасөспірімнің көзқарасына, мінез-құлқына, өзіндік қабылдауына әсер етеді. Отбасының материалдық деңгейі, өмір сүру сапасы, білім алу мүмкіндіктері тұлғаның даму деңгейіне ықпал етеді. Әлеуметтік күтілімдер, гендерлік рөлдер, қоғамдағы мінез-құлық ережелері тұлғаның өзін ұстауына бағыт береді. Адамдармен өзара әрекеттесу барысында тұлға әлеуметтік дағдыларды, эмпатияны, өзін ұстау мәдениетін меңгереді.</p>					
2.3	<p>Психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері: Сендіру әдісі. Оқушының санасына, көзқарасына әсер ету арқылы дұрыс түсінік қалыптастыру. Әңгіме, түсіндіру, дәлелдеу, пікірталас арқылы жүзеге асады. Жаттығу (дағдыландыру) әдісі. Қажетті мінез-құлық пен дағдыларды қайталау арқылы қалыптастыру. Тәртіп, жауапкершілік, оқу әрекеттерін тұрақты түрде орындау арқылы дамиды. Оқушының іс-әрекетіне баға беру. Мадақтау – жағымды мінез-құлықты нығайтады, ал жазалау-жағымсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталады. Үлгі-өнеге көрсету әдісі. Мұғалімнің, ата-ананың немесе құрдастардың жағымды мінез-құлық арқылы үлгі беру. Оқушыға нақты, түсінікті талаптар қою арқылы тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыру. Оқуға, өзін-өзі дамытуға қызығушылықты арттыру. Мақсат қою, жетістікке жету жағдайын жасау арқылы іске асады. Мінез-құлықтағы немесе дамуындағы ауытқуларды түзетуге бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық жұмыстар. Эмоционалдық, психологиялық көмек беру арқылы оқушының сенімділігін арттыру, қиындықтарды жеңуге көмектесу.</p>	1	1			2
3	Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы модулі	9	17	10		36
3.1	<p>Кәсіби құзыреттілікті дамытудың педагогикалық шарттары: «Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы» модулі контекстіндегі «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы – бұл педагог-психологтың немесе мұғалімнің жасөспірімдердің девиантты және делинквентті мінез-құлқын түсіну, алдын алу, диагностикалау және түзету бойынша теориялық білімдері, практикалық дағдылары мен кәсіби тәжірибесінің жиынтығы.</p> <p>Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсер ететін факторлар: Теориялық дайындық деңгейі, практикалық дағдылар, психологиялық-педагогикалық тәжірибе.</p>	2	4	2		8
3.2	«Кәсіби құзыреттілік» ұғымы – педагог-психологтың (немесе мұғалімнің) оқушылар арасындағы лудоманияны (құмар ойынға тәуелділікті) тану, алдын алу, диагностика-	2	5	3		10

	лау және түзету бойынша теориялық білімдері, практикалық дағдылары мен кәсіби іс-әрекетке дайындығының жиынтығы. Лудомания мәселесі бойынша кәсіби құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері: Теориялық құзыреттілік, алдын алу (профилактикалық) құзыреттілік, түзету-дамыту құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік, эмоционалдық және этикалық құзыреттілік, үздіксіз кәсіби даму құзыреттілік.					
3.3	«Кәсіби құзыреттілік» ұғымы – педагог-психологтың (немесе мұғалімнің) білім алушылардың «Өзіндік Менін» (өзіндік сана, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу) дамыту арқылы жағымды әдеттерді қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдері, практикалық дағдылары мен кәсіби әрекетке дайындығының жиынтығы. Бұл бағыттағы кәсіби құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері: Теориялық құзыреттілік, «Өзіндік Мен» ұғымы, оның құрылымы (өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу), тұлғалық даму заңдылықтары туралы білім. Диагностикалық құзыреттілік. Оқушының өзіндік бағалау деңгейін, мінез-құлқы ерекшеліктерін, әдеттерін анықтау әдістерін меңгеру. Дамытушы құзыреттілік. Жақсы әдеттерді қалыптастыруға бағытталған тренингтер, жаттығулар, психологиялық әдістерді қолдану. Мотивациялық құзыреттілік. Оқушылардың өзін-өзі дамытуға деген ішкі ынтасын арттыру, мақсат қою дағдыларын қалыптастыру. Өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру құзыреттілігі Уақытты басқару, эмоцияны бақылау, жауапкершілік пен тәртіпті дамыту әдістерін үйрету. Коммуникативтік құзыреттілік. Қолдау көрсететін, сенімді қарым-қатынас орнату, кері байланыс беру мәдениетін қалыптастыру. Рефлексиялық құзыреттілік. Оқушының өз әрекетін талдай алуын, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі жетілдіру қабілетін дамыту. Үздіксіз кәсіби даму.	2	2	1		5
3.4	Кәсіби құзыреттілік контекстінде – педагог-психологтың тәуекел топтағы жасөспірімдердің мінез-құлқын талдау, мәселелерін анықтау және тиімді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған практикалық дағдыларды меңгеруі. Практикалық кейстердің негізгі бағыттары: Диагностикалық кейстер. Жасөспірімнің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтау (агрессия, тұйықтық, тәуелділік, үлгерімнің төмендеуі). Коммуникативтік кейстер. Қиын оқушымен сенімді қарым-қатынас орнату жағдайлары. Конфликттік жағдайларды шешу кейстері. Оқушы–оқушы, оқушы–мұғалім, оқушы–ата-ана арасындағы қақтығыстар. Девиантты мінез-құлқтың алдын алу кейстері. Түзету-дамыту жұмыстарының кейстері. Отбасымен жұмыс кейстері. Кризистік жағдайлар кейстері.	2	4	2		8
3.5	Күйзеліс пен эмоцияны басқару. Көшбасшылық және командамен жұмыс. Қазіргі таңда әрбір әрекеттер жоғары жауапкершілікпен, уақыт тапшылығымен және	1	2	2		5

	эмоционалдық қысыммен байланысты. Осындай жағдайда күйзеліс – табиғи құбылыс. Алайда оны дұрыс басқарылмаса, ол кәсіби тиімділікке де, жеке өмір сапасына да кері әсер етеді. Күйзеліс – ағзаның сыртқы немесе ішкі талаптарға берген жауабы. Қысқа мерзімді күйзеліс кейде пайдалы болуы мүмкін, себебі ол адамды шапшаң әрекет етуге итермелейді. Бірақ ұзаққа созылған күйзеліс эмоционалдық шаршауға, ашушандыққа және кәсіби күйіп кетуге әкеледі. Эмоцияны басқару – оны басу емес, оны түсіну және дұрыс бағыттау. Мысалы, ашу – шекараның бұзылғанын көрсетеді, ал қорқыныш – қауіп барын білдіреді. Осы сигналдарды дұрыс қабылдай білу маңызды.					
4	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және кәсіби этика модулі	2	10	1		13
4.1	Білім беру–медицина–құқық қорғау жүйелерінің өзара әрекеті. Жасөспірімдермен жұмыс істеу барысында білім беру, медицина және құқық қорғау жүйелерінің өзара тығыз байланысы маңызды рөл атқарады. Бұл жүйелердің бірлескен әрекеті жасөспірімдердің психологиялық, әлеуметтік және құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Білім беру ұйымдары (мектеп, колледж) оқушылардың оқу үлгерімі мен мінез-құлқын бақылап, ерте кезеңде қиындықтарды анықтайды. Психологтар мен педагогтар жасөспірімнің даму ерекшеліктерін ескере отырып, алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізеді. Медициналық қызмет көрсету жүйесі жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығын бақылап, қажет болған жағдайда психологиялық немесе медициналық көмек көрсетеді. Ерте диагностика арқылы дамуындағы ауытқулар мен стресс жағдайлары анықталады. Құқық қорғау органдары жасөспірімдердің құқықтарын қорғау, девиантты мінез-құлықтың алдын алу және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды азайту бағытында жұмыс атқарады. Сонымен қатар, олар профилактикалық іс-шараларға қатысады. Осы үш жүйенің үйлесімді әрекеті жасөспірімдердің жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың қауіпсіз және қолайлы ортада қалыптасуына ықпал етеді.	1	2			3
4.2	Кейс-менеджмент технологиясы – әлеуметтік, білім беру және медициналық салаларда күрделі өмірлік жағдайға тап болған тұлғалармен (соның ішінде жасөспірімдермен) кешенді жұмыс жүргізу әдісі. Бұл технологияның негізгі мақсаты – жеке тұлғаның қажеттіліктерін анықтап, оған қолдау көрсететін барлық қызмет түрлерін біріктіру және үйлестіру. Кейс-менеджмент үдерісі бірнеше негізгі кезеңнен тұрады: Жағдайды анықтау және бағалау. Жеке жоспар құру. Жасөспірімге көмектесу үшін білім беру, медицина, психология және әлеуметтік қызметтерді қамтитын жеке қолдау жоспары жасалады. Қызметтерді үйлестіру. Іске асыру және бақылау. Нәтижені бағалау және		2	1		3

	<p>түзету. Қолдау жұмысының нәтижесі талданып, қажет болған жағдайда жоспарға өзгерістер енгізіледі.</p> <p>Кейс-менеджмент технологиясы жасөспірімдермен жұмыста өте тиімді, себебі ол әрбір тұлғаға жеке көзқарас қалыптастырып, олардың әлеуметтік бейімделуіне және қиын жағдайдан шығуына мүмкіндік береді.</p>				
4.3	<p>Кәсіби этика – маманның (педагог, психолог, әлеуметтік қызметкер және т.б.) өз қызметін жүзеге асыру барысында ұстанатын моральдық және мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Жасөспірімдермен жұмыс істеуде кәсіби этика олардың құқықтарын, қадір-қасиетін және психологиялық қауіпсіздігін қорғауға бағытталады. Кәсіби этиканың негізгі қағидаларына адалдық, жауапкершілік, әділдік, бейтараптық және құрмет көрсету жатады. Маман жасөспірімге қатысты шешім қабылдауда жеке пікірге емес, нақты фактілер мен кәсіби стандарттарға сүйенуі тиіс. Құпиялылық – кәсіби этиканың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл маманға жасөспірім туралы алынған жеке ақпаратты үшінші тұлғаларға рұқсатсыз жарияламау міндетін жүктейді. Құпия ақпаратқа отбасылық жағдай, психологиялық ерекшеліктер, денсаулық жағдайы және жеке өмірге қатысты мәліметтер кіреді. Дегенмен, құпиялылық шексіз емес. Егер жасөспірімнің өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төнсе (зорлық-зомбылық, өзіне-өзі зиян келтіру, құқық бұзушылық), онда ақпарат тиісті мамандарға немесе құқық қорғау органдарына берілуі мүмкін. Кәсіби этика мен құпиялылықты сақтау маман мен жасөспірім арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастырып, тиімді психологиялық және педагогикалық көмектің көрсетілуіне жағдай жасайды.</p>	1	2		3
4.4	<p>Командалық жұмыс дағдылары – ортақ мақсатқа жету үшін бірнеше маманның (педагог, психолог, әлеуметтік қызметкер, дәрігер, құқық қорғау өкілдері және т.б.) өзара тиімді әрекеттесе білу қабілеті. Жасөспірімдермен жұмыс істеуде командалық тәсіл кешенді қолдау көрсетудің маңызды шарты болып табылады. Командалық жұмыстың негізгі элементтеріне коммуникация, өзара сенім, жауапкершілікті бөлісу және бірлескен шешім қабылдау жатады. Әрбір маман өз саласы бойынша ақпаратпен бөлісіп, жағдайды жан-жақты талдауға үлес қосады. Тиімді командалық жұмыс үшін ашық қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Команда мүшелері өз пікірін еркін білдіріп, басқалардың көзқарасын құрметтеуі тиіс. Сонымен қатар, ортақ мақсат пен міндеттердің нақты анықталуы жұмыстың нәтижелілігін арттырады. Жасөспірімдермен жұмыс барысында командалық тәсіл кейс-менеджментпен тығыз байланысты. Себебі бір ғана маман барлық мәселені шеше алмайды, сондықтан түрлі сала мамандарының бірлескен әрекеті қажет. Командалық жұмыс дағдыларының дамуы мамандардың кәсіби</p>		2		2

	құзыреттілігін арттырып, жасөспірімдерге көрсетілетін көмектің сапасын жақсартады.					
4.5	Ведомствоаралық кейстер – жасөспірімдермен жұмыс барысында білім беру, медицина және құқық қорғау жүйелері мамандарының бірлесіп нақты жағдайларды талдау және шешу тәжірибесі. Мұндай кейстер теориялық білімді практикамен ұштастырып, күрделі әлеуметтік мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталады. Практикалық сабақтарда нақты өмірлік жағдайларға жақын кейстер қарастырылады. Мысалы, оқу үлгерімі төмендеп, мінез-құлқында өзгеріс байқалған жасөспірім жағдайы талданып, оның себептері анықталады және әрбір ведомствоның (мектеп, психолог, дәрігер, полиция) әрекет ету алгоритмі белгіленеді. Кейс-талдау барысында білім алушылар мәселені анықтау, ақпарат жинау, тәуекел деңгейін бағалау және шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Әр топ белгілі бір ведомство рөлін алып, өз құзыреті шеңберінде ұсыныстар әзірлейді. Сонымен қатар, кейстерді талқылау кезінде командалық жұмыс, кәсіби коммуникация және жауапкершілікті бөлу дағдылары қалыптасады. Бұл тәсіл мамандардың шынайы жағдайларда тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Ведомствоаралық кейстер жасөспірімдерге кешенді көмек көрсетудің практикалық моделін түсінуге және кәсіби құзыреттілікті арттыруға ықпал етеді.		2			2
5	IT құзыреттілік және кәсіби өзара әрекет модулі	4	4	4		12
5.1	Кәсіби өзара әрекет жүйесінде IT құзыреттіліктің рөлі. Білім алушыларға кәсіби өзара әрекет жүйесінде IT құзыреттіліктің маңызын түсіндіру және оны тәжірибеде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. IT құзыреттілік ұғымы мен оның кәсіби қызметтегі рөлін меңгерту, ведомствоаралық және командалық жұмыста ақпараттық технологияларды қолдану жолдарын көрсету, цифрлық құралдар арқылы кәсіби коммуникацияны ұйымдастыру дағдыларын дамыту, ақпарат алмасу, деректерді өңдеу және онлайн платформаларды қолдану білігін қалыптастыру.	1	1	1		3
5.2	Білім алушыларға ведомствоаралық кейстерді талдау және шешу барысында цифрлық құралдарды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ведомствоаралық кейс ұғымы және оны шешу кезеңдерін меңгерту, цифрлық құралдар мен платформалардың (онлайн жүйелер, дерекқорлар, коммуникация құралдары) мүмкіндіктерін таныстыру, кейс-менеджмент үдерісінде ақпаратты жинау, өңдеу және бөлісудің цифрлық тәсілдерін қолдану, командалық жұмыс барысында онлайн өзара әрекет пен шешім қабылдау дағдыларын дамыту.	1	1	1		3
5.3	Білім алушыларға кәсіби коммуникацияны ақпараттық жүйелер арқылы тиімді ұйымдастыру және өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби коммуникация ұғымын және оның заманауи талаптарын	2	2	2		6

	менгерту, ақпараттық жүйелердің (онлайн платформалар, электронды пошта, деректер базасы) кәсіби өзара әрекеттегі рөлін түсіндіру, мамандар арасындағы ақпарат алмасуды цифрлық құралдар арқылы ұйымдастыру жолдарын үйрету, командалық жұмыс барысында тиімді байланыс орнату және бірлескен шешім қабылдау дағдыларын дамыту.					
6	Дағдарыстық жағдайлар және суицидтің алдын алу модулі	5	5	5		15
6.1	Дағдарыстық психология негіздері — адамның өмірінде кенеттен пайда болатын ауыр жағдайлар (жоғалту, апат, зорлық, ауру, стресс) кезінде психиканың реакциясын, бейімделуін және қалпына келуін зерттейтін психология саласы. Қысқаша айтқанда, бұл бағыт: адам дағдарысқа қалай жауап беретінін; эмоционалдық күйзелісті қалай бастан кешіретінін және сол жағдайдан қалай шығуға болатынын зерттейді. Негізгі мақсаты — адамның психологиялық тұрақтылығын сақтау және қиын кезеңнен өтуіне көмектесу.	1	2	1		4
6.2	Суицидтік мінез-құлықтың ерте белгілері – адамның ішкі күйзелісі күшейіп, өзіне зиян келтіру қаупі артуы мүмкін екенін көрсететін сигналдар. Негізгі белгілері: 1. Эмоциялық өзгерістер: Ұзаққа созылған депрессия, үмітсіздік сезімі, ашушаңдық, мазасыздық, қатты күйзеліс, «Ештеңенің мәні жоқ» деген ойлар. Мінез-құлық өзгерістері: адамдардан оқшаулану, жалғыз қалуға тырысу, бұрын қызық болған істерге қызығушылық жоғалту, ұйқы мен тәбет бұзылуы, қауіпті немесе импульсивті әрекеттер. Сөздік белгілер: «Өлгім келеді», «бәрінен шаршадым» сияқты сөздер, болашақ туралы жоспардың болмауы, қоштасуға ұқсас әңгімелер айту. Дайындық белгілері: жеке заттарын тарату, өмірмен қоштасуға ұқсас әрекеттер, өлім тақырыбын жиі қозғау. Егер осындай белгілер байқалса, бұл өте маңызды сигнал. Мұндай жағдайда адамды жалғыз қалдырмай, жақындарына және маманға (психолог, психиатр) жүгіну қажет.	2	1	2		5
6.3	Психологиялық интервенция әдістері – адамның психологиялық қиындықтарын азайтуға, күйзелісті жеңілдетуге және бейімделуін қалпына келтіруге бағытталған кәсіби тәсілдер. Негізгі әдістер: дағдарыстық интервенция (crisis intervention), кеңес беру (психологиялық консультация), когнитивті-мінез-құлықтық терапия (КМТ), эмоциялық қолдау көрсету, психоэлеуметтік қолдау, релаксация және стресс-менеджмент әдістері. Қысқаша айтқанда, психологиялық интервенция – адамның психикалық тепе-теңдігін қалпына келтіріп, қиын жағдайдан шығуына көмектесетін әдістер жиынтығы.	1	1	1		3
6.4	Шұғыл психологиялық көмек алгоритмі – дағдарыс жағдайындағы адамға тез және қауіпсіз психологиялық қолдау көрсету тәртібі. Жағдайды бағалау, байланыс орнату, эмоциялық қолдау көрсету, шұғыл тұрақтандыру,	1	1	1		3

	мәселені нақтылау, шешім және жоспар құру, мамандарға бағыттау, бақылау және жалғастыру. Қысқаша: шұғыл психологиялық көмек-қауіпсіздік, байланыс, тұрақтандыру және маманға бағыттау қағидаларына негізделеді.					
7	Вариативті модуль		2	4		6
7.1	Вариативті модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері бар психология саласындағы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама мазмұнын талдау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкестігін және олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды		2	4		6
		30	44	24	-	98
Тестілеу					2	2
Практикалық тапсырмаларды қорғау					4	4
Жобаларды қорғау					4	4
		Дәріс	Практикалық сабақ	Шебер-сабақ	Қорытынды тестілеу	Барлығы
	Барлығы:	30	44	24	10	108

2. Курстың **108 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспары:** дәрістер – 30 сағат (29,4%), практикалық сабақтар – 44 сағат (40,7%), шеберлік сабақтар – 24 сағат (22,2%), қорытынды тестілеу – 10 сағат (9,2%) және практика мен шеберлік сабақтарының жалпы көлемі – 68 сағат (72,2 %) құрайды.

Барлығы: 108 сағат.

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Оқу нәтижелерін бағалау

Бағалау параметрлері	Дәстүрлі бағалау	Балмен бағалау	Бағалау параметрлері
іске асырылмаған	«Қанағаттан арлықсыз»	0-11 балл	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың мазмұны мәлімделген тақырыпқа сәйкес келмейді; - жұмыстың мәтіні ұқыпсыз, түсініксіз, өрескел стилистикалық қателер бар; - бір немесе бірнеше дереккөздерден алынған мәтін үзінділерін ойланбастан көшіріп жазған, әдебиет пайдаланылмаған; - қорытындылар жоқ немесе бөлім мазмұнына сәйкес келмейді; - жұмыс талаптарға сәйкес ресімделмеген.
ішінара жүзеге асырылды	«Қанағаттан арлық»	12-14 балл	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың мазмұны тақырыпқа ішінара сәйкес келеді; - жұмыс негізінен дұрыс ресімделген, маңызды стилистикалық және грамматикалық қателер бар; - жұмысты ресімдеуде ұқыпсыздық бар: өрістер қалдырылмаған, беттер нөмірленбеген, мәтін бойынша түзетулер жіберілген, титулдық парақ дұрыс ресімделмеген; - жұмысты орындау үшін үнемі көмек қажет болды, әдебиет ішінара пайдаланылды; - қорытындылар жұмыстың барлық бөлімдері бойынша жасалмаған немесе бөлім мазмұнына ішінара сәйкес келмейді немесе келтірілген деректер бойынша қорытынды жоқ; мазмұны, әдебиеттер тізімі, суреттердің жазулары, кесте атаулары жоқ.
түзетулерді ескере отырып, орташадан жоғары іске асырылған	«Жақсы»	15-17 балл	<ul style="list-style-type: none"> жұмыстың мазмұны негізінен тақырыпқа сәйкес келеді немесе оның көлемі жоғары; - жұмыс негізінен дұрыс жасалған, кейбір елеусіз стилистикалық және грамматикалық қателер бар; - жұмыс негізінен өз бетінше орындалды, әдебиет қолданылды; - қорытындылар негізінен бөлім мазмұнына сәйкес келеді; - жұмыс негізінен дұрыс жасалған, талаптардан кейбір ауытқулар бар.
толығымен іске асырылды	«Өте жақсы»	18-20 одан жоғары балл	<ul style="list-style-type: none"> - тақырыптың мазмұны толығымен ашылып, жұмыс таңдалған тақырыпқа сәйкес келеді;

			<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың практикалық бөлігі дербес орындалды, барлық таңдалған әдебиеттер талданды және жұмыста қолданылды; - жұмыс дұрыс жасалған, әр бөлім бойынша негізделген тұжырымдар бар.
--	--	--	---

Баллмен бағалауға аудару шкаласы

Баға	Орындау ауқымы	Балл
5 – өте жақсы	28-30	18-20
4 - жақсы	20-27	15-17
3 - қанағаттанарлық	13-19	12-14
2 - қанағаттанарлықсыз	12-ден төмен	0-11

Модульдер бойынша қорытынды тестілеу сағаттары мен сұрақтарын бөлу

№	Модуль тақырыптары	Сағат саны 108	Сұрақ саны /108
1	Тәрбие-білім беру процесін нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету модулі	8	4
2	Жасөспірімдердің психологиялық даму негіздері модулі	8	4
3	Девиантты және делинквентті мінез-құлық психологиясы модулі	36	14
4	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және кәсіби этика модулі	13	6
5	IT құзыреттілік және кәсіби өзара әрекет модулі	12	8
6	Дағдарыстық жағдайлар және суицидтің алдын алу модулі	15	10
7	Вариативті модуль	6	4
	Тестілеу және жобаларды қорғау	10	
	Барлығы	108	50